

Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік орман қоры аумағында жоғары өрт қаупі кезеңіндегі шектеулер туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 155 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 5742 болып тіркелді

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексін және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, өрт қаупі кезеңі басталуына байланысты Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары өрт қаупі кезеңінде жеке тұлғалардың орманда болуына және оған көлік құралдарымен кіруіне, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік орман қоры аумағында жұмыстың белгілі бір түрлерін жүргізуге шектеу қойылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып:

1) орман алабында жоғары өрт қаупі туралы уақтылы хабардар ету;

2) мемлекеттік орман қоры аумағына кіреберістегі негізгі жолдарда күзет орындарын орнату бойынша тиісті шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 тамыздағы №222 "Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік орман қоры аумағында жоғары өрт қаупі кезеңіндегі шектеулер туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3013 тіркелген, 2008 жылғы 13 қыркүйекте "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Р.С. Шауенов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары М.М. Сатқановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК